*This article describes the state and dynamics of the development of steel pipe production as one of the largest and most financially intensive industries in the world arena and in the Republic of Kazakhstan. The volume and dynamics of external and internal production, export-import operations, sales of steel pipe are considered, market conditions are determined, special emphasis is placed on the factors that influenced the state of the industry (drivers and stop factors). This article focuses on the issues of steel pipe market development in the world as one of the important sectors of the world economy, during the accession of the Republic of Kazakhstan to the World Trade Organization (WTO), where industry markets are given special attention as an important element of the national economy. Taking into account the described trends, the study showed that the demand for these products is growing despite the unstable situation both in the world and in the Republic of Kazakhstan. There is a decrease in productivity in some markets; on the contrary, output and sales volumes are picking up in the others. Over the years of development of the industry, some participants have strengthened their positions, while others have lost their leadership.*

*Keywords: steel pipe market; results of 2016-2019; seamless pipe, welded pipe; oil country tubular goods.*

<https://doi.org/10.48081/YFNT8760>

**Ж. Х. Есбенбетова, Б. Б. Шарипбаева, А. Н. Набетова**

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек қорғау бойынша республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК,  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

### **КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЖАСАЛЫНЫП ЖАТҚАН ІС-ШАРАЛАР**

*Берілген мақалада Қазақстан Республикасында еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысы және оның нәтижелері сипатталған.*

*Еңбекті қорғаудың маңызды құралы ретінде оларды халықаралық стандарттарға сәйкес еңбекті қорғауды басқару жүйесіне толықтыруларға сәйкес жүзеге асырудың жолдары бар. Халықаралық еңбек ұйымының елде ратификацияланған ұсынымдары да ғылыми-әдістемелік базаны әзірлеу кезінде ескерілді.*

*Ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыру еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің озық ғылыми тәсілдері мен тиімді тетіктерін көрсететін ұлттық бағдарламаны, еңбекті қорғауды басқару саясаты мен жүйесін айқындауға бағытталған. Ұсынылатын ғылыми негізделген инновациялар еңбекті қорғау саласындағы ұлттық нормативтік базаны Халықаралық еңбек ұйымы конвенцияларының талаптарымен және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде қолданылатын практикамен үйлестіруге бағытталған тәсілдерге негізделеді және т.б. зерттеу нәтижелері Қазақстанда мемлекеттік деңгейде еңбекті қорғауды басқару жүйесін дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясы мен тұжырымдамасын қалыптастыру кезінде пайдаланылатын болады. Ғалымдардың, жұмыс берушілердің, еңбекті қорғау қызметі мамандарының, жеке кәсіпкерлердің ынтымақтастығы нәтижесінде еңбекті қорғауды басқарудың жаңа жүйесін сынақтан өткізу кезінде еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жаңа моделі әзірленді. Бұл жүйені енгізу ел*

*кәсіпорындарындағы апаттардың алдын алуға және санын азайтуға мүмкіндік береді.*

*Кілтті сөздер: еңбекті қорғау, еңбекті қорғауды басқару жүйесі, кәсіби тәуекелдерді басқару, кәсіби тәуекелдерді бағалау, әдістемелік негіздер.*

### **Кіріспе**

Еңбекті қорғауды басқарудың қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, жұмыс беруші өндірістік объектілерді еңбек жағдайларын аттестаттауға, өндірістік жабдықтарды жаңасына ауыстыруға, жұмысшыларды оқыту және қайта даярлауға, зиянды және қауіпті жұмыс орындарында еңбек ететін жұмыскерлерге кепілдіктер беру арқылы кез-келген қауіп-қатерді болдырмауға алдын-алу шараларын жүргізуге және басқа да шараларды жүргізуге міндетті [1].

Ағымдағы жылдың 4 мамырында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне өзгертілер мен толықтырулар нәтижесінде, *еңбекті қорғауды басқару жүйесі* термин енгізілді, ол - еңбекті қорғау жөніндегі саясатты іске асыру, еңбек қауіпсіздігі талаптарын орындау, кәсіптік тәуекелдерді басқару жөніндегі өзара байланысты іс-шаралар кешені болып табылады [1].

Осы ретте, «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – «ҚР ЕХӘҚМ РҒЗИ» ШЖҚ РМК) 0778 «Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарлама шеңберінде 2018-2020 жылдарға арналған ағылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Зерттеу барысында анық болғандай, қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы Кәсіпорындарда ерікті негізде енгізілетін еңбекті қорғауды басқару жүйесінің халықаралық стандарттары (OHSAS-18001, MOT-CYOT 2001 ILO-OSH 2001 және т. б.), Қазақстан Республикасы өндірісінің ерекшеліктеріне бейімделмеген, өндірістің салалық ерекшелігін ескермейді, көп шығынды талап ететін сипатқа ие және оларды міндетті түрде енгізуге заңнамалық талаптардың болмауы тежеуші фактор болып табылады [2,3].

**Зерттеу нысаны:** еңбекті қорғауды басқаруға жүйелі тәсілдемені қолдану, оның тиімділігін бағалау, кәсіби тәуекелдерді бағалау негізінде еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізуді әдістемелік қамтамасыз ету және өндірістік жарақаттануды азайту бойынша алдын алу шараларын жүргізу

**Зерттеудің пәні:** Қазақстан Республикасы кәсіпорындарындағы еңбекті қорғауды басқаруға жүйелері.

**Мақсаты:** еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекеттік реттеу шараларын, өндірісте практикалық іске асыру мүмкіндіктері мен ғылыми инновацияларды тиімді біріктіру негізінде еңбекті қорғауды басқару жүйесін құру.

### **Зерттеу әдістері мен нәтижесі**

Ғылыми-техникалық бағдарламаның міндеттерін орындау барысында зерттеу әдістерінің кешені пайдаланылады, олардың негізгілері талдау (салыстырмалы, логикалық, себеп-салдар, факторлық), формалдау әдістері, жүйелік тәсілдеме (жіктеу, құрылымдық-функционалдық әдістер) сияқты теориялық әдістер болып табылады. Теориялық әдістермен қатар байқау, өлшеу және бақылау сияқты эмпирикалық әдістер, сондай-ақ социологиялық және статистикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмыстары 3 кезеңнен тұрды:

Қазақстан республикасындағы қолданыстағы еңбекті қорғауды басқарудың заңнамаларын халықаралық стандарттарына және инновациялық процестеріне сәйкестігін салыстырмалы түрде талдау жасау. Экономиканың түрлі салаларындағы кәсіпорындарда еңбекті қорғауды басқару жүйелерінің қолданыстағы жай-күйін талдап, бағалау. Осы талдауларды есепке ала отырып, әртүрлі экономикалық салаларда кәсіпорынның түрлеріне (кіші, орта және ірі) байланысты кәсіби бағалау негізінде еңбекті қорғауды басқарудың бірегейлендірілген жүйесінің негізгі әдістемелік құжаттарын дайындау (2018 жылы);

Зерттеу жұмыстары үшін тағайындалған пилоттық кәсіпорындарда еңбекті қорғауды басқарудың бірегейлендірілген жүйесін енгізу (2019 жылы);

Енгізілген жүйенің тиімділігін бағалау. 3 кезеңнің зерттеу нәтижелерін есепке ала отырып, кәсіби тәуекел негізіндегі еңбекті қорғауды басқару жүйесінің кешенді әдістемелік құжаттарын жасау (2020 жылы).

Бірінші кезеңде жүргізілген ғылыми зерделеу нәтижелерінен анық болғандай, зерттелген Экономикалық қарым-қатынас және даму ұйымының 9 және Евразиялық экономикалық одағының 3 мемлекетінде еңбекті қорғауды басқарудың нормативтік-құқықтық базасы халықаралық талаптарды ескере отырып, олар ұлттық саясат стратегиялары мен бағдарламаларында сипат алған. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі негізінен еркін қолданыстағы стандарттар болса да ISO, OHSAS және ILO-OSH халықаралық стандарттарына негізделген және кеңінен қолданыс тапқан.

Қазақстан Республикасындағы еңбекті қорғауды басқару саласындағы қолданыстағы заңнамаларына талдау жасалып, оның халықаралық талаптарға сәйкес, соның ішінде кәсіби тәуекелдерді есепке ала отырып, дамыту перспективалары анықталды. Яғни, еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жаңа

моделі оның жоспарлау кезеңінде қолданылатын кәсіби тәуекелдерді басқару негізінде жасалды.

Сонымен қатар, зерттеу барысында таңдалынып алынған кәсіпорындардағы еңбекті қорғауды басқару жүйесінің қолданыстағы заңнамалардың талаптарының орындалуына талдаулар жасалды. Талдаулар нәтижесінде белгілі болғандай, еңбекті қорғау талаптары кәсіпорындарда ішінара орындалатыны белгілі болды. Атап айтатын болсақ, еңбек қауіпсіздігі қызметі немесе бөлімдері ұйымдастырылмаған, еңбек қауіпсіздігі бойында оқытулар өз деңгейінде жүргізілмеген, ішкі бақылау тек жекелеген кәсіпорындарда жолға қойылған, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілмеген және т.б.

Зерттеу жұмыстары жүргізілген кәсіпорындарда 2017 жылы «ҚР ЕХӘҚМ РҒЗИ» ШЖҚ РМҚ тарапынан жүзеге асырылған О.0768 «Қазақстан республикасында кәсіби тәуекелдерді басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастыру» ғылыми-зерттеу аясында жасалған «Кәсіби тәуекелдерді басқару бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде әрбір мамандық үшін кәсіби тәуекелдер бағаланды. Бағалау нәтижесінде жекелеген мамандықтарда еңбек жағдайларының қауіптілігі, зияндылығы бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесі анықталды [4].

Бірінші кезеңдегі (2018 ж.) жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде халықаралық ISO, OHSAS және ILO-OSH стандарттарының негізінде, Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарға енгізілген мақсатында кәсіби тәуекелдерді ескере отырып, әртүрлі экономикалық салаларда кәсіпорынның түрлеріне байланысты (кіші, орта және ірі) Еңбекті қорғауды басқару жүйесі үшін құжаттардың жобасы жасалды және оларға авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер алынды [5,6].

Екінші кезеңде (2019ж.), зерттеу жұмыстары үшін тағайындалған пилоттық кәсіпорындарда еңбекті қорғауды басқарудың жүйесін енгізу бойынша, әдебиет көздері, ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай отырып, нормативтік-техникалық құжаттар негізінде [7], Әдістеме жасалды.

Әдістемегі сәйкес, енгізу процедуралары 3 кезеңнен тұрды: бастапқы, дайындық және негізгі. Әдістеменің құрылымы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Еңбекті қорғауды басқару жүйесін кәсіпорындарға енгізу Әдістемесінің құрылымы

Әдістеме жұмыс берушілер үшін еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізу және қолдау бойынша нұсқаулық ретінде әзірленді. Бұл әдістеме, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды басқару жүйесінің барлық элементтерін ескере отырып, енгізуді нәтижелі ұйымдастыруға, жауапты тұлғалардың міндеттерін бөлуді және іс-шаралар мерзімдерін айқындауға мүмкіндік береді.


Сонымен қатар, еңбекті қорғауды басқару жүйесі туралы бірнеше авторлардың еңбектерінде атап өтілгендей [7], бұл жүйені енгізу үшін қызметкерлердің, соның ішінде жауапты тұлғалардың білімін арттыру керек екендігі де өзекті мәселе деп көрсетілген. Сол мақсатта, Әдістемемен қатар, «Кәсіпорында кәсіби тәуекелдерді басқару негізінде еңбекті қорғауды басқарудың жүйесін енгізу» курсы бойынша оқу бағдарламасы жасалды. Оқу бағдарламасы негізінде пилоттық кәсіпорындарда дәрістер, практикалық сабақтар және білімді тексеруді қоса алғанда оқу семинарлары өткізілді. Барлығы семинарға 214 маман қатысты.

Екінші кезеңнің зерттеу жұмыстары нәтижесінде, ғылыми-техникалық бағдарламаның міндеттерді жүзеге асыру үшін, пилоттық кәсіпорындарда кәсіби тәуекелдерді басқару негізіндегі еңбекті қорғауды басқару жүйесін апробациялау жұмыстары жүргізілді. Алынған мәліметтерге сәйкес, 20 пилоттық кәсіпорынға олардың еңбек қызметі мен түрлеріне байланысты

еңбекті қорғауды басқару жүйесінің құжаттар топтамасы жасалды. Құжаттар (әдістемлік ұсынымдар, енгізу жоспары, кәсіби тәуекелдерді бағалау туралы есеп, жүйені енгізу құжаттары және т.б.) еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізуге бағытталды. Аprobация нәтижесінде кәсіпорындардағы жауапты мамандармен келісе отырып, кейбір құжаттарға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жұмыстары жүргізілді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін енгізу үшін жасалған аprobациядан кейін, 20 пилоттық кәсіпорынан Актілер алынды. Сонымен қатар, екінші кезеннің нәтижесінде, дайындалған Әдістеме және оқу бағдарламасына авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер алынды [8, 9, 10].

Үшінші кезеннің міндеттеріне сәйкес (2020 ж.), кәсіпорындарда енгізілген жүйенің тиімділігін бағалау жұмыстары жүргізілді. Ол үшін, осы тақырып аясындағы әдебиет көздері (мақалалар мен зерттеулер) [11] пайдаланды. Бірқатар авторлардың еңбектері зерделенді. Зерделеу нәтижесінде белгілі болғандай, жүйенің тиімділігін бағалайтын бірыңғай әдістің жоқ екенін көрсетті. Дегенмен авторлардың басымы, әдістерді қолдану барысында кәсіпорынның қызметі, ондағы қызметкерлер мен жұмыскерлерге еңбек жағдайларының заң талаптарына сәйкес келуін есепке ала отырып тиімділікті бағалау жолдарын анықтау керек екендігін көрсеткен. Сонымен, халықаралық тәжірибені зерделеудің негізінде әр түрлі салалардың 20 кәсіпорнында әзірленген және аprobациядан өткізудің ерекшеліктерін және отандық еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, критерийлер жиынтығы жасалды. Бұл жинақ енгізілетін жүйенің барлық аспектілерін қамтитын бес критерийден тұрды. Олар, еңбекті қорғауды басқару жүйесі элементтері процедураларының уақыттылығы, олардың сапалы орындалуы, орындалу барысындағы бақылау, кәсіби тәуекелдерді басқару және экономикалық тиімділіктен тұрды. Осы критерийлер негізінде кәсіпорындарда енгізілген «Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін бағалау» Әдістемесі жасалды [12]. Әдістемеге сәйкес әрбір кәсіпорында енгізілген жүйенің тиімділігін барлық критерийлердің көрсеткіштері негізінде есептейтін Хаттама жасалды. Сонымен қатар, әдістемеге қолданылған әрбір критерийлерді есептеу үшін керекті мәліметтердің атауы бойынша Нұсқаулық қосылып берілді. Бағалауға қажетті мәліметтер, кәсіпорынның штат кестесі мен еңбек шарттарын тіркеу журналдары, медициналық көріктен өткізу құжаттары, мамандарды оқыту бойынша бағдарламалар, еңбек қауіпсіздігі бойынша шаралардың жоспары, жазатайым оқиғаларды және кәсіби науқастану бойынша есепке алу құжаттары, кәсіби тәуекелдерді бағалау нәтижелері туралы есеп, жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігін сақтау

шараларына байланысты шығындарын есептеу құжаттары және т.б. қамтыды. Енгізілген жүйенің тиімділігін бағалау нәтижелері 2- суретте көрсетілген,



Сурет 2 – Енгізілген жүйенің тиімділігін бағалау нәтижелері

Критерий көрсеткіштері формулалар мен теңдіктерден тұратын сандық бағалау негізінде жүзеге асырылып, оларға проценттік негізде (Әдістемеге сәйкес) дәрежесін айқындайтын тиісті баллдар тағайындалды. Мысалы, 85–100 % балл – жоғары, 80–84 % балл – орташадан жоғары, 75–79 % – орташа, 60–74 % – орташадан төмен, және 59 % дан кіші болғанда – төмен дәрежелер бойынша есептелді. Әдістеме әр критерий бойынша тиімділікті көруге мүмкіндік береді, бұл жүйеде қандай кемшіліктер, барын анықтауға мүмкіндік беріп, яғни заң талаптары бойынша орындалмай жатқан процедураларды анықтай отырып оларды түзету қандай іс-шаралар қажет екендігін анықтауда ықпалын тигізеді. Осы әдістеме негізінде, 20 пилоттық кәсіпорында бағалау жүргізілді.

Суретте әрбір кәсіпорындағы тиімділікті бағалау – қорытындылау Хаттамасы негізінде берілген. Тиімділікті бағалау жоғарыда көрсетілген мәліметтерге сәйкес, сонымен қатар ғылыми іссапарлар кезінде жасалған сараптау негізінде жүргізілді. Сондай-ақ, енгізілген еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімділікті бағалау негізінде халықаралық SWOT талдау әдісін қолданып, кәсіпорындардағы жүйелерді дамытуға мүмкіншілік беретін артықшылықтары мен кемшіліктері, жүйеге әсер ететін ішкі және сыртқы қауіптіліктерді анықтады [13].

Үшінші кезеңнің, жалпы 3 жылға арналған ғылыми-техникалық бағдарламаның қортындылау нәтижесінде, кәсіби тәуекел негізіндегі еңбекті қорғауды басқару жүйесінің кешенді әдістемелік құжаттары жасалды. Қорытынды кезеңде жасалған Әдістемелерге де, авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер алынды.

Қорытындылай келе айтарымыз, Қазақстан Республикасында кәсіби тәуекелдерді басқару негізінде еңбекті қорғауды басқарудың инновациялық жүйесін айқындайтын мұндай зерттеулер нәтижесін отандық кәсіпорындарда қолданумен қатар, еңбекті қорғау саласындағы ғылым және технологияларды дамытуға үлкен үлесін қосады деп есептейміз.

### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 ҚР Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.
- 2 **Рассыпкин, А.** О пользе обучения по стандарту OHSAS 18001:2007// «Охрана труда: просто и понятно». – № 2. – 2014.
- 3 Guidelines on occupational safety and health management systems, ILO-OSH 2001 (ISBN 92-2-111634-4, Geneva) – Access mode: <http://www.ilo.org>
- 4 Методические рекомендации по внедрению системы управления профессиональными рисками на предприятии /Бисакаев С. Г., Абикенова Ш. К., Есенбетова Ж. Х. // ISBN 978-601-06-4724-4. – Астана : РГКП «РНИИОТ МТСЗН РК», Астана, 2017. – 84 с.
- 5 «Руководство по разработке интегрированной системы управления охраны труда на основе управления профессиональными рисками для малых и микропредприятий» (научное произведение) Авторы: Бисакаев С. Г., Еселханова Г. А., Жанкулова Л. К., Есенбетова Ж. Х., Абдрахманова Н. Б. / Св.3097 от 17.10.2018 г.
- 6 Руководство к внедрению системы управления охраны труда в Республике Казахстан» (научное произведение) //Авторы: Бисакаев С. Г., Еселханова Г. А., Жанкулова Л. К., Есенбетова Ж. Х., Абдрахманова Н. Б. / Св.3098 от 17.10.18 г.
- 7 **Бисакаев, С. Г., Еселханова, Г. А., Джумагулова, Н. Г., Абдрахманова, Н. Б., Есенбетова, Ж. Х.** Ғылыми-ақпараттық басылым: «Қазақстан Республикасында халықаралық тәжірибені ескере отырып, еңбекті қорғауды басқаруды реттеу және дамыту перспективалары туралы» // «НВ-Принт». – Нұр-Сұлтан, 2019. – 257 б. – 100 экз.
- 8 Методика внедрения интегрированной системы управления охраной труда на основе управления профессиональными рисками (научное

произведение)/Авторы: Бисакаев С. Г., Еселханова Г. А., Есенбетова Ж. Х., Абдрахманова Н. Б. / Св.4706 от 29.07. 2019 г.

9 Типовое положение об интегрированной системе управления охраной труда на основе управления профессиональными рисками (научное произведение)/Авторы: Бисакаев С. Г., Еселханова Г. А., Бекеева С. А., Абдрахманова Н. Б., Есенбетова Ж. Х. / Св.4704 от 29.07. 19 г.

10 Учебная программа по курсу: «Внедрения интегрированной системы управления охраной труда на основе управления профессиональными рисками» (научное произведение) / Авторы: Бисакаев С. Г., Еселханова Г. А., Джумагулова Н. Г., Абдрахманова Н. Б., Есенбетова Ж. Х. / Св. 4703 от 29.07. 2019 г.

11 **Уоми Киран.** Ключевые показатели менеджмента. – М. : Дело, 2001. – 357 с.

12 Методика оценки эффективности функционирования интегрированной системы управления охраной труда на основе управления профессиональными рисками (научное произведение)/ Авторы: Бисакаев С. Г., Джумагулова Н. Г., Есенбетова Ж. Х., Танабаева А. Е., Айткенова Г. Т. / Св. 9304 от 17.04.2020 г.

13 Методика SWOT – анализа внедрения системы управления охраной труда на основе управления профессиональными рисками (научное произведение) / Авторы: Бисакаев С. Г., Абикенова Ш. К., Меденова М. К., Кантарбаева А. Д., Саввин Е. В., Ибраева А. Б. / Св.11419 от 22.06.2020 г.

### References

- 1 Qazaqstan Respublikasynyń Eńbek kodeksi 2015 jylǵy 23 qarashadaǵy № 414-V [Labor code of the Republic of Kazakhstan dated 23.11.2015 No. 414-V ZRK.]
- 2 **Rassypkin, A.** O polze obýcheniia po standartý OHSAS 18001:2007 [About the benefits of OHSAS 18001:2007 training]. Journal «Ohrana truda : prosto i ponyatno». – № 2. – 2014.
- 3 Guidelines on occupational safety and health management systems, ILO-OSH 2001 (ISBN 92-2-111634-4, Geneva) // [Site «International Labour Organization»]. [Electronic resource]. – Access mode: <http://www.ilo.org>
- 4 Metodicheskie rekomendatsii po vnedreniiú sistema úpravleniia professionalnymi riskami na predpriatii [Methodological recommendations for the implementation of the professional risk management system at the enterprise]. Bisakayev S. G., Abikenova Sh. K., Yesbenbetova Zh. Kh. // ISBN 978-601-06-4724-4. – Astana : RGKP «RNIOT MTSZN RK», Astana, 2017. – 84 p.



5 «Rýkovodstvo po razrabotke integrirovannoi sistemy úpravleniia ohrany trýda na osnove úpravleniia professionalnymi riskami dlia malyh i mikropredpriatií» (naýchnoe proizvedenie) [«Guidelines for the development of an integrated occupational safety management system based on occupational risk management for small and microenterprises» (scientific work)]. Avtory: Bisakayev S. G., Yesel'khanova G. A., Zhankulova., Esbenbetova Zh. Kh., Abdrakhmanova N. B. / Sv.3097, 17.10 2018g.

6 «Rýkovodstvo k vnedreniú sistemy úpravleniia ohrany trýda v Respýblike Kazahstan» [«Guidelines for the implementation of the occupational safety management system in the Republic of Kazakhstan» (scientific work)] Avtory: Bisakayev S. G., Yesel'khanova G. A., Zhankulova L. K., Esbenbetova Zh. Kh., Abdrakhmanova N. B. / Sv.3098, 17.10 2018g.

7 **Bisakayev, S. G., Yesel'khanova, G. A., Dzhumagulova, N. G., Abdrakhmanova, N. B., Yesbenbetova, Zh.Kh.** Gylymi-aqparattyq basylym «Qazaqstan Respýblikasynda halyqaralyq tájiribeni eskere otyryp. eńbekti qorǵaýdy basqarýdy retteý jáne damytý perspektivalary týraly» [Scientific and informational publication «In the Republic of Kazakhstan, taking into account international experience. on the prospects for regulation and development of Occupational Health and safety management»]. – Nur-Sultan : «NV-Print». 2019. – P. 257. – 100 copies. – P. 257.

8 Metodika vnedreniia integrirovannoi sistemy úpravleniia ohranoi trýda na osnove úpravleniia professionalnymi riskami (naýchnoe proizvedenie) [Methodology for implementing an integrated occupational health and safety management system based on occupational risk management (scientific work)] Avtory: Bisakayev S. G., Yeselkhanova G. A., Yesbenbetova Zh. Kh., Abdrakhmanova N. B. / Sv.4706 29.07.19 g.

9 Tipovoe polojenie ob integrirovannoi sisteme úpravleniia ohranoi trýda na osnove úpravleniia professionalnymi riskami (naýchnoe proizvedenie) [Model regulation on integrated occupational health and safety management system based on occupational risk management (scientific work)]. Avtory: Bisakayev S. G., Yeselkhanova G. A., Bekeyeva S. A., Abdrakhmanova N. B., Yesbenbetova Zh. Kh. / Sv.4704 29.07.19 g.

10 Ýchebnaia programma po kýrsý: «Vnedreniia integrirovannoi sistemy úpravleniia ohranoi trýda na osnove úpravleniia professionalnymi riskami» (naýchnoe proizvedenie) [Curriculum for the course: «Implementation of an integrated occupational health and safety management system based on occupational risk management» (scientific work)]. Avtory: Bisakayev S. G., Yeselkhanova G. A., Dzhumagulova N. G., Abdrakhmanova N. B., Yesbenbetova Zh. Kh. / Sv. 4703 29.07.19 g.

11 **Uomi Kiran.** Klýchevye pokazateli menedjmenta [Key management indicators]. – Moscow : Delo, 2001. – 357 p.

12 Metodika otsenki effektivnosti fýnkcionirovaniia integrirovannoi sistemy úpravleniia ohranoi trýda na osnove úpravleniia professionalnymi riskami (naýchnoe proizvedenie) [Methodology for evaluating the effectiveness of the integrated occupational health and safety management system based on occupational risk management (scientific work)]. Avtory: Bisakayev S. G., Dzhumagulova N. G., Yesbenbetova Zh. Kh., Tanabayeva A. Ye., Aytkenova G. T / Sv.9304 17.04.20 g.

13 Metodika SWOT – analiza vnedreniia sistemy úpravleniia ohranoi trýda na osnove úpravleniia professionalnymi riskami (naýchnoe proizvedenie) [Methodology for SWOT analysis of the implementation of the occupational health and safety management system based on occupational risk management (scientific work)]. Avtory: Bisakayev S. G., Abikenova Sh. K., Medenova M. K., Kantarbayeva A. D., Savvin Ye. V., Ibrayeva A. B. / Sv.11419 22.06.20 g.

Материал 21.09.20 баспаға түсті.

*Ж. Х. Есбенбетова, Б. Б. Шарипбаева, А. Н. Набетова*

**Мероприятия по совершенствованию системы управления охраной труда в республике казахстан**

РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан», Республика Казахстан, г. Нур-Султан. Материал поступил в редакцию 21.09.20.

*Zh. Kh. Yesbenbetova, B. B. Sharipbayeva, A. N. Nabetova*

**Actions to improve labor protection management system in the Republic of Kazakhstan**

State Enterprise «Republican Research Institute for Labor Protection of the Ministry of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan», Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan. Material received on 21.09.20.

*В данной статье описана научно-исследовательская работа, проведенная по совершенствованию системы управления охраной труда в Республике Казахстан, и ее результаты.*

*Как важный инструмент охраны труда, существуют способы их реализации в соответствии с дополнениями к системе управления охраной труда в соответствии с международными стандартами. Рекомендации Международной организации труда, ратифицированные в стране, также были учтены при разработке научно-методической базы.*

*Реализация научно-технической программы направлена на определение национальной программы, политики и системы управления охраной труда, отражающей передовые научные подходы и эффективные механизмы обеспечения безопасности труда. Предлагаемые научно-обоснованные инновации базируются на подходах, направленных на гармонизацию национальной нормативной базы в области охраны труда с требованиями конвенций Международной организации труда и практикой, применяемой в странах Организации экономического сотрудничества и развития и др. результаты исследования будут использованы при формировании долгосрочной стратегии и концепции развития системы управления охраной труда в Казахстане на государственном уровне. В результате сотрудничества ученых, работодателей, специалистов службы охраны труда, индивидуальных предпринимателей при апробации новой системы управления охраной труда была разработана новая модель системы управления охраной труда. Внедрение этой системы позволит предотвратить и снизить количество аварий на предприятиях страны.*

*Ключевые слова: охрана труда, система управления охраной труда, управление профессиональными рисками, оценка профессиональных рисков, методологические основы.*

*The article describes the research work carried out to improve the management system of labor protection in the Republic of Kazakhstan and its results.*

*As an important tool in labor protection, there are ways to implement them in accordance with the additions to the occupational health and safety management system in accordance with international standards. The recommendations of the International Labor Organization, ratified in the*

*country, were also taken into account in the development of the scientific and methodological framework.*

*The implementation of the scientific and technical program is aimed at defining a national program, policy and management system for occupational safety that reflects advanced scientific approaches and effective mechanisms for ensuring safe work. The proposed research-based innovations are based on approaches aimed at harmonizing the national regulatory framework in the field of labor protection with the requirements of the International labor organization conventions and practices applied in the countries of the Organization for economic cooperation and development, etc. the results of the study will be used in the formation of a long-term strategy and concept for the development of the labor protection management system in Kazakhstan at the state level. As a result of cooperation of scientists, employers, specialists of the labor protection service, individual entrepreneurs in the testing of a new system of labor protection management, a new model of labor protection management system was developed. The implementation of this system will help prevent and reduce the number of accidents at enterprises in the country.*

*Keywords: labor protection, labor protection management system, occupational risk management, occupational risk assessment, methodological bases.*

<https://doi.org/10.48081/DQDL5944>

**В. Есмағзам, Е. Д. Абисаликов, А. Қ. Қаирбек**

Торайғыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИПОТЕКАЛЫҚ НАРЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

*Бұл мақалада Қазақстандағы ипотекалық нарықтың қазіргі дағдарыс кезіндегі даму деңгейі туралы айтылады. Тұрғын-үй және құрылыс нарығының дамуы әрбір мемлекеттің әлеуметтік және қаржылық дамуының экономикалық негізі болып табылады. Тұрақты экономикалық және әлеуметтік жағдайдың өсуі ел экономикасындағы тұрғын-үй және құрылыс нарығының дамуымен тікелей байланысты. Ипотекалық нарықтың дамуы еліміздің қаржылық жағдайына тікелей әсер етеді. Адамдарды тұрғын-үймен қамтылуы мемлекет дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Халықты әлеуметтік тұрғын-үймен қамтамасыз ету қазіргі кезде мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыты. Бұл салаға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында ерекше мән берді.*

*Кілтті сөздер: мемлекет, тұрғын-үй, ипотека, экономика, дағдарыс, даму, экономикалық өсім.*

### **Кіріспе**

Ипотекалық несиелеу кез-келген мемлекеттің даму процесіне жан-жақты әсер етеді. Ипотекалық бизнесті дамыту экономиканың нақты секторының – өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, банк секторы мен ел халқының жұмыс істеуіне оң әсерін тигізеді. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, күрделі салымдарды қаржыландырудың тиімді тәсілі ретінде ипотекалық кредиттеуді дамыту қоғамдағы әлеуметтік проблемаларды еңсеруге ғана емес, ұзақ мерзімді қаржыландыру қажеттілігіне байланысты бірқатар міндеттерді шешуге де ықпал етуі мүмкін. Атап айтқанда, ипотекалық несиелеу әлеуметтік тұрақсыздықты жеңуге оң әсер етеді, өйткені мемлекет үшін ипотека – бұл халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің ыңғайлы тәсілі, қаржы институттары үшін – қаражатты тиімді пайдалану, құрылыс

компаниялары үшін – көптеген ілеспе шағын ұйымдар үшін (риэлторлар, нотариустар, бағалаушылар) сияқты байыту әдісі. Жылжымайтын мүлік кепілінің есебінен кредиттік тәуекелді жеткілікті түрде азайту кезінде ұзақ мерзімді негізде пайыздық кіріс алуы қамтамасыз ету өте тиімді кредиторлар банктері үшін де ипотекалық кредит беру елеулі пайда әкеледі [1].

Қазіргі уақытта ипотекалық несиелеу нарығында белгілі бір жандану байқалды. Халық тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша дағдарыс уақытына кейінге қалдырылған процеске қайта оралуда. Жылжымайтын мүлік нарығында тұрғын үй сатып алуға қызығушылықтың қайта жанданғанын көрсететін бағаның шамалы өсуі байқалады. Бұл, өз кезегінде, ипотекалық кредиттеу көлемінің ұлғаюына әсер етеді. Ипотека мұқият өсімді көрсетуде, өйткені мұндай несиелердің қол жетімділігіне қатысты жағдай біркелкі емес. Айта кету керек, басқа несиелер өнімдері аясында ипотека төмен бағаға ие.

Бірақ несиелеудің осы түрінің айтарлықтай артықшылықтарына қарамастан, оны дамытудың отандық тәжірибесі оның тиімділігін шектейтін бірқатар проблемалардың болуын көрсетеді. Мұндай проблемалардың ішінде: коммерциялық банктердің ұзақ мерзімді қорландырудың сыртқы көздеріне соңғысының шектеулі қол жеткізуі кезінде қысқа мерзімді ресурстық базасы басым; әлеуетті қарыз алушылардың мүмкіндіктеріне барабар емес жоғары пайыздық мөлшерлемелер, бұл осындай кредиттерге төлем қабілетті сұранысты шектейді; жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның тұрақсыздығы, бұл кредиторлардың тәуекелдерін арттырады және т.б.

Соңғы бірнеше жылдағы деректерді талдай отырып, ипотекалық несиелер нарығы белсенді дамып келеді деп сеніммен айтуға болады. Көптеген адамдар тұрғын үй сатып алуға арналған банктердің арнайы бағдарламаларына назар аударады [2].

Коммерциялық ипотека біртіндеп мемлекеттік ипотекалық бағдарламаларды ығыстыруда. Кейбір банктер мемлекеттік қолдаумен қарыздар пайдасына өз тұрғын үй кредиттерінен толық бас тартты. Бүгінгі таңда мемлекеттік бағдарламалар жеке меншікте тұрғын үйдің болуына қарамастан, бастапқы және қайталама нарықтардың әлеуетті қарыз алушыларының әртүрлі санаттарының мүдделеріне қандай да бір түрде жауап береді.

Айта кету керек, 2020 жылдан бастап банктер қарыз алушыларға қойылатын талаптарды күшейтті. Осылайша, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен қарыз алушыларға кепілсіз несиелер беруге тыйым салынды. Жұмыссыз азаматтар да қарызды рәсімдей алмайды, өйткені несиелер алу үшін соңғы 3–12 айдағы ресми кірісті растау қажет. Сонымен

қатар, несиелер бойынша төлемдерді үш айдан астам немесе 90 күннен астам кешіктірген кезде банктерге комиссия есептеуге тыйым салынады [3].

### Материалдар мен әдістер

2020 жылғы 6 наурыздағы жағдай бойынша белгілі бір бағдарламалар шеңберінде ипотеканы 14 банк ұсынады: Халық Банк, АТФ Банк, Центр Кредит Банкі, Сбербанк, Jysanbank, Forte Bank, Bank RBK, Нұрбанк, Еуразиялық банк, Tengri Bank, Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі. Altyn Bank ипотеканы тек Нұрсұлтан, Алматы, Атырау және Ақтау қалаларында ғана қарайды. KassaNova Банкі ипотеканы тек «Орда» бағдарламасы бойынша ғана береді. Еуразиялық банк «7–20–25» және «Баспана Хит» бағдарламалары аясында ипотека ұсынады.

Ең тиімді ипотекалық бағдарламалар «7–20–25», «Баспана Хит» бағдарламалары, сондай-ақ тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің тұрғын үй қарыздары болып табылады. Тұрғын үйді бастапқы және қайталама нарықтарда сатып алуға болады.

«Баспана» ИҰ ақпараты бойынша, 2020 жылғы 27 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан бойынша барлығы 311 млрд теңге сомасына «7–20–25» ипотекасы бойынша 27 428 өтінім берілді, 186 млрд теңге сомасына 16 239 кредит мақұлданды. Осы бағдарлама бойынша өтінімдерді 8 банк қабылдайды: Bank RBK, Еуразиялық банк, АТФ Банк, Jysan Bank, Fortebank, Халық Банк, Банк Центр Кредит, Сбербанк [3].

Банктердің қарыз алушыларға қоятын талаптары бірінші кезекте, банктің өз қарыз алушыларына қоятын талаптарына назар аударған жөн. Әрине, әрбір кредитор өзінің параметрлерін белгілей алады, алайда бастапқыда Қазақстан Республикасының көптеген банктерінде қолданылатын базалық параметрлерге бағдарлану қажет.

Қойылатын талаптар:

- қарыз алушы Қазақстанның азаматы болуы тиіс;
- егер клиент басқа елдің азаматы болып табылса, онда ол міндетті түрде ҚР-да тұрақты тұру фактісін растап, тұруға рұқсат хат алуы тиіс;
- мінсіз қарыз алушы 21 жастан кіші болмауы керек, бірақ сонымен бірге 48 жастан аспауы керек. Белгілі бір жағдайларда клиент үлкен болуы мүмкін, бірақ міндетті шарт – зейнеткерлік жасқа толғанға дейін ипотека бойынша соңғы жарнаны төлеу керек. Егер қарыз алушы 21 жасқа толмаған болса, онда ипотекаға оның ата-анасы кепілгер немесе тең қарыз алушы ретінде тартылады;
- соңғы жұмыс орнында 6 айдан кем емес жұмыс атқаруы;
- клиенттің табысы жеткілікті болуы керек. Мінсіз қарыз алушының жалақысы айына 100 000–150 000 теңгеден кем болмауы тиіс;
- оң несие тарихы.

Мақұлданған қарыздар бойынша көшбасшылар үштігіне ЦентрКредит Банкі (9031), Сбербанк (4364), Халық Банк (1284) кірді.

Көбінесе «7–20–25» ипотекасын Нұр-Сұлтанда (4895 өтінім мақұлданды), Алматыда (3455), Ақтөбе облысында (908), Қостанай облысында (833), Шығыс Қазақстан облысында (808) алады.

«7–20–25» ипотекасының шарттары:

- несиелеу объектісі – бастапқы тұрғын үй;
- пайыздық мөлшерлеме – 7 %;
- бастапқы жарна шегі – 20 %;
- өтеу мерзімі – 25 жыл;
- комиссиялар жоқ;
- Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Атырау қалалары үшін тұрғын үй 25 млн теңгеден, басқа өңірлер үшін 15 млн теңгеден аспауы тиіс;
- әрбір отбасы мүшесіне пайдалы ауданы 15 ш.м кем жатақханалардағы бөлмелердің; авариялық жағдайдағы тұрғын үйлердің болуын қоспағанда, қатысушының меншік құқығында тұрғын үйі болмауы тиіс.

«7–20–25» және «Баспана Хит» ипотекалық бағдарламалары негізінде әскери ипотеканы Екінші деңгейдегі төрт қазақстандық банк, атап айтқанда ЦентрКредит Банкі, Қазақстан Сбербанкі, NalykBank және АТФБанк береді.

Ипотекалық бағдарламалардың негізгі шарттары өзгеріссіз қалады. Бірақ бұл бағдарламаға қатысушылар үшін банктер қаржылық талдау жүргізу кезінде анағұрлым адал несие ережелерін орнатты. Енді «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары бойынша қарызды қарау кезінде банктер әскери қызметшілер алатын ай сайынғы тұрғын үй төлемдерін назарға алатын болады. Бұл, әрине, ипотекалық несие бойынша мақұлдау пайызын арттырады.

Мәселен, «7–20–25» бағдарламасы бойынша 10 миллион теңгеге пәтер сатып алған кезде ай сайынғы табысты 120 мың теңгеге ресми растау жеткілікті. Егер 4 адамнан тұратын әскери отбасына тұрғын үй төлемдерінің сомасы өңірлерде орта есеппен 100 000 теңгені құрайтынын ескеретін болсақ, онда еңбекақымен бірге ипотекалық қарызды ресімдеу үшін жеткілікті деңгей алынады.

«Баспана Хит» ипотекасына келетін болсақ, мұнда құны 10 млн теңге болатын пәтер сатып алған кезде отбасының табысы жоғары болып, кемінде 180 000 теңгені құрауы тиіс. Бұл жоғары пайыздық мөлшерлемемен (11 %) және бастапқы ғана емес, сонымен қатар қайталама тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігімен байланысты. Бұл бағдарлама Елордадағы әскери қызметшілер үшін қолжетімді болады, онда тұрғын үй төлемдері өңірлерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Онда 4 адамнан тұратын отбасы шамамен 200 000 теңге алады [4].

Мемлекеттік ипотекалық бағдарламалардың барлық қатысушылары Қазақстан Республикасының азаматтары болуға, расталған тұрақты кірісі болуға және басқа да өтелмеген ипотекалық тұрғын үй қарыздары болмауға тиіс.

Ипотекалық несиелендірудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу арқылы стандартты ипотека азаматтар үшін маңызды емес болады. Жоғары пайыздық мөлшерлемелер, қарыз алушының кірісіне қойылатын талаптардың жоғарылауы және үлкен комиссиялар коммерциялық ипотеканы бәсекеге қабілетсіз етеді. Екінші деңгейлі банктердің жеке бағдарламаларының жалғыз артықшылығы – тұрғын үй құны, ол өте жоғары болуы мүмкін. Ең бастысы – жоғары айлық төлемдер жасауға мүмкіндік беретін кірісті растау.

Ипотекалық шолудың толық көрінісі үшін оның шарттарын қарастырыңыз.

– несиелеу объектісі – бастапқы және қайталама тұрғын үй нарығындағы жылжымайтын мүлік, жер учаскелері;

– ипотекалық қарыз бойынша мөлшерлеме – жылдық 14,5 %-дан 22 %-ға дейін;

– бастапқы жарна – тұрғын үй құнының 20 %-ынан бастап. Сондай-ақ, барлық банктер жарнаны жылжымайтын мүлік түріндегі кепілмен ауыстыруға дайын;

– қарыз сомасы – тұрғын үй құнының 70 % дейін және қатысушының кірісіне байланысты;

– қарыз мерзімі – 20 жылға дейін [4].

Кесте 1 – 10 млн теңгеге пәтер сатып алу кезіндегі стандартты ипотека шарттары

Банк	Минималды мөлшерлеме	Бастапқы жарна	Қарыз мерзімі	40% жарнамен 10 жылға 10 млн теңгеге пәтер сатып алған кезде шамамен ай сайынғы төлем және артық төлем
Bank RBK	14,5%	30%-дан бастап	15 жылға дейін	93 000 / 5 179 000
Сбербанк	14,6%	30%-дан бастап	20 жылға дейін	93 000 / 5 179 000
TengriBank	14,99%	20%-дан бастап	20 жылға дейін	93 000 / 5 179 000
Нұрбанк	15%	35%-дан бастап	20 жылға дейін	97 000 / 5 616 000
ForteBank	15%	15%-дан бастап	20 жылға дейін	97 000 / 5 616 000
АТФБанк	16%	20%-дан бастап	15 жылға дейін	100 000 / 6 000 000
Халық Банк	17%	20%-дан бастап	20 жылға дейін	104 000 / 6 513 000

Ипотеканы алу шарттары кредиттік ұйымдар ипотекалық кредиттеуге қатысу үшін өз шарттарын қояды. Алайда, әлеуетті қарыз алушы бірден келесі тармақтарға назар аударуы керек:

- Несие алуға болатын валюта;
- Комиссияның құны және қолданыстағы түрлері;
- Өтеу тәсілі;
- Сатып алынатын жылжымайтын мүліктің нұсқалары;
- Пайыздық мөлшерлеме.

Валюта 2017 жылы Қазақстанның кредиттік ұйымдары ипотеканы және теңгемен ірі қарыздарды тым ықыласпен ресімдемейді. Алайда, осыған қарамастан, кейбір банктер әлі де ұлттық валютаны қолдайды, бірақ мұндай несиелер беру шарттары қарыз алушы үшін тым тиімді болмайды.

Негізінен, ипотеканы мына валюталарда:

- теңгемен;
- евромен;
- доллармен алуға болады.

Комиссия мүшесіне келетін болсақ, әр түрлі несиелік ұйымдар әр түрлі комиссияларды қолдай алады. Сонымен қатар, олардың құны түріне және кредиторына байланысты әр түрлі болады.

Барлығы үш комиссия мүшесі болуы мүмкін:

- Өтінішті қабылдау және қарау үшін;
- Ипотеканы рәсімдеу үшін;
- Ипотека беру үшін.

#### Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі таңда тұрғын үй сатып алуға қазақстандықтарға берілген қарыздардың 60 %-дан астамын тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша Қазақстанның тұрғын-үй құрылыс жинақ банкі қамтамасыз етеді.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына қатысушылар ҚТҚЖБ шотында тұрғын үй құнының 20 % болған жағдайда жылдық 5 % мөлшерлеме бойынша қарыз ала алады. Мемлекеттік бағдарламалардан және банктің «Өз үйім» бағдарламасынан тыс тұрғын үй сатып алу үшін салымшы 5 % мөлшерлемесі бойынша қарыз алу үшін кемінде 3 жыл бойы тұрғын үй құнының 50 % жинақтауы қажет. Сіз үнемдеуге болмайды, бірақ бірден 50 % бастапқы жарнаны төлей аласыз, бірақ содан кейін пайыздық мөлшерлеме 7–8,5 % құрайды.

Төмендегі кестеде пәтердің құны 10 млн теңге есебінен тұрғын үй заемы бойынша мысал келтірілген [5].

Кесте 2 – 10 млн теңгеге пәтер сатып алу кезіндегі ҚТҚЖБипотека шарттары

Тұрғын-үй бағасы	10 000 000
Қажетті бастапқы жарна мөлшері 50%	5 000 000
Бастапқы жарнаны жинау мерзімі	7 жыл
Депозиттің пайыздық мөлшерлемемі	2%+20% мемлекет сыйақысы
Ай сайынғы салым мөлшері	58 000
Тұрғын-үй қарызының мөлшері	4 029 200
Қарыз мөлшері	10 жыл
Қарыздың пайыздық мөлшерлемесі	4%
Тұрғын үй қарызын өтеу бойынша ай сайынғы төлем сомасы	40 793
Қарызды пайдалану кезеңі үшін төленген сыйақы	866 000

Қазақстандағы ипотеканың ерекшеліктері тұруға ықтиярхат Қазақстанда ипотекалық кредит беру осы республикада орналасқан лайықты жылжымайтын мүлік объектісін сатып алуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда бұл елдің азаматтарына ғана емес, шетелдіктерге де қол жетімді. Атап айтқанда, Ресейде Беларусь Республикасының және басқа елдердің азаматтары үшін тіркелген адамдарға. Тек ҚР-да тұрақты тұратындығыңызды растау қажет [5]. Алайда, бұл адамның Қазақстанда тұруға рұқсат хаты болған жағдайда ғана қолжетімді. Бұл жағдайда қазақстандық банктердің бірінде ипотеканы ресімдегісі келетін адам таңдалған кредитордың талаптары бойынша кез келген жылжымайтын мүлікті сатып алуға қол жеткізе алады.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, 2020 жылдан бастап банктер қарыз алушыларға қойылатын талаптарды күшейтті. Осылайша, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен қарыз алушыларға кепілсіз несиелер беруге тыйым салынды. Сонымен қатар, несиелер бойынша төлемдерді үш айдан астам немесе 90 күннен астам кешіктірген кезде банктерге комиссия есептеуге тыйым салынады.

Бұл мақалада біздің әртүрлі ақпаратты талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасында қандай банктар талаптар бойынша ипотека алуға келіседі, қандай тиімді бағдарламалар бар екенің анықтадық, оларға қандай талаптар қойылады, негізінен Қазақстанда көптеген банктарының негізгі талаптарын қарастырдық, қалай тұрғын үй алынатынын, қандай банктер қанша несие беретінін, олардың проценттік ставкасы қаншаға тең екенін, бірнеше банктардың ипотекамен жұмыс атқару сипаттарын, қандай валюта негізінде,

кімдерге алуға болатының және комиссия мүшесі нені қарастыратының атықтадық.

Пайыздық мөлшерлемелер жылдық 4–5% деңгейінде сақталатын еуропалық және американдық ипотекалық бағдарламалармен салыстырғанда Қазақстанда кредит беру шарттары өте тиімсіз. Азаматтардың табысы мен тұрғын үй бағасының төмен болуы көпшілікке ипотекалық бағдарламаларға, тіпті әлеуметтік немесе мемлекеттік бағдарламаларға сенуге мүмкіндік бермейді. Банктердің ипотекалық өнімдеріне аз, бірақ тұрақты сұраныс осындай мөлшерлемелерді анықтайды. Жакын болашақта бұл шеңберді бұзу мүмкін емес.

Екінші жағынан, адамдар ұзақ мерзімге несие алуға дайын, жағдайды мағыналы және объективті бағалайды және көбінесе банктерге ипотека алуға өтініш береді. Қазақстан азаматтары мүмкіндігінше тезірек баспана алу мүмкіндігі үшін ипотекалық несиелер бойынша көп ақша төлеуге дайын сияқты [6].

Қазіргі уақытта ипотекалық несиелеу нарығында белгілі бір жандану байқалды. Халық тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша дағдарыс уақытына кейінге қалдырылған процеске қайта оралуда.

Біздің мақсатымыз, осы тақырыпты жақсылап ашып, қысқаша түйіннен үлкен ақпарат ала алатындай мәліметтер қарастырып, жазу болды. Осы мақсатқа сүйене отырып, берілген мағлұматтарды қысқа да нұсқа етіп түсіндіре білдік деген ойдамыз.

### Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Разумова, И. А.** Ипотечное кредитование. – СПб. : Питер; М., 2011.
- 2 Статистический бюллетень Национального Банка Республики Казахстан. – 2016. – № 1; 2017. – № 1; 2018. – № 1; 2019. – № 1; 2020. – № 1.
- 3 [https://kmc.kz/stock/files/%20рынка%20ипотечного%20кредитования%20за%202019%20год\\_короткая%20версия.pdf](https://kmc.kz/stock/files/%20рынка%20ипотечного%20кредитования%20за%202019%20год_короткая%20версия.pdf)
- 4 <https://www.kn.kz/article/8520/> [Электронды ресурс].
- 5 <https://ob-ipoteke.info/strani/kazakhstan> [Электронды ресурс].
- 6 **Кенжеболат Жолдыбай.** «В поисках истины, или Как решить проблему ипотеки» // Литер : Ежедневная республиканская общественно-политическая газета. – 2014, 2 мая.

## References

1 **Razýmova, I. A.** Ipotechnoe kreditovanie [Mortgage lending]. – St. Petersburg : Piter; M., 2011.

2 Statischeeskii búleten Nasionalnogo Banka Respýbliki Kazahstan [Statistical Bulletin of the National Bank of the Republic of Kazakhstan]. – 2016. – № 1; 2017. – № 1; 2018. – № 1; 2019. – № 1; 2020. – № 1.

3 [https://kmc.kz/stock/files/%20rynka%20ipotechnogo%20kreditovania%20za%202019%20god\\_korotkaia%20versia.pdf](https://kmc.kz/stock/files/%20rynka%20ipotechnogo%20kreditovania%20za%202019%20god_korotkaia%20versia.pdf) [Electronic resource].

4 <https://www.kn.kz/article/8520/> [Electronic resource].

5 <https://ob-ipoteke.info/strani/kazahstan> [Electronic resource].

6 **Kenjebolat Joldybai.** «V poiskah istiny, ili Kak reshit problemý ipoteki». In Liter : Ejednevnaia respýblikanskaia obshestvenno-politicheskaja gazeta [«In search of truth, or How to solve the mortgage problem»]. – Liter : Daily, 2014.

Материал 21.09.20 баспаға түсті.

*V. Esmagzam, E. D. Abisalikov, A. K. Kaurbek*

### **Современное состояние развития ипотечного рынка в Казахстане**

Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 21.09.20.

*V. Esmagzam, Ye. D. Abissalikov, A. K. Kairbek*

### **Current state of mortgage market development in Kazakhstan**

Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 21.09.20.

*В данной статье речь пойдет об уровне развития ипотечного рынка в Казахстане в условиях нынешнего кризиса. Развитие рынка жилья и строительства является экономической основой социального и финансового развития каждого государства. Рост стабильной экономической и социальной ситуации напрямую связан с развитием рынка жилья и строительства в экономике страны. Развитие ипотечного рынка напрямую влияет на финансовое состояние страны. Обеспеченность людей жильем является одним из основных показателей развития государства. Обеспечение населения социальным жильем в настоящее время является*

*основным направлением государственной социальной политики. Особое значение в этой сфере в своем ежегодном Послании придавал Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич Токаев.*

*Ключевые слова: государство, жилье, ипотека, экономика, кризис, развитие, экономический рост.*

*This article will focus on the level of development of the mortgage market in Kazakhstan in the current crisis. The development of the housing and construction market is the economic basis for the social and financial development of each state. The growth of a stable economic and social situation is directly related to the development of the housing and construction market in the country's economy. The development of the mortgage market directly affects the financial condition of the country. Housing provision is one of the main indicators of the state's development. Providing the population with social housing is currently the main direction of the state social policy. President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev attached special importance in this sphere in his annual Address.*

